

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Өрт қауіпсіздігі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 9 қазандағы № 1077 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2014 ж., № 62-63, 577-қвжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Өрт қауіпсіздігі қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы Өрт қауіпсіздігі қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Азаматтық қорғау туралы» 2014 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының [11-бабының](#) 15) тармақшасына сәйкес әзірленген және адамдарды, мүлкті, қоғам мен мемлекетті орттен қорғау мақсатында өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібін айқындайды.»;

47-тармақ алып тасталсын;

50-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«50. Жеке тұрғын үйлерде осы Қағидалардың 143-147-тармақтарының талаптарына сәйкес құрғақ ыстық монша (сауна) үй-жайларын орнатуға жол беріледі.»;

52-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«52. Саяжай кооперативтерінің, бау-бақша серіктестіктерінің, гараж кооперативтерінің аумағына оту жолдарында ҚР СТ Р МемСТ 12.4.026-2002 «Сигналдық түстер, қауіпсіздік белгілері және сигналдық белгілеулер. Жалпы техникалық шарттар және қолдану тәртібі» талаптарына сәйкес оларға қолданыстағы және салынып жатқан және уақытша ғимараттар (құрылыстар), оту жолдары, кіреберістер, орт сондірушілердің оту жолдары, ортқа қарсы сумен жабдықтау қоздырының, орт сондіру және байланыс құралдарының, орт техникасының орналасқан орны қорсетілген схемалар ілінеді.

Схемалар атмосфералық әсерге тозімді материалдан жасалады.»;

54, 55-тармақтар алып тасталсын;

65-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«65. Мыналарға:

1) қоралар мен басқа да шаруашылық құрылыстардың шатырларына;

2) электр жеткізу желілерінің астына;

3) учаскенің сыртқы қоршауынан кемінде 3 метр қашықтықта шоп шошақтарын, шомелелерді, ірі жем-шоп маяларын, өзге де жанғыш заттар мен материалдарды жинауға жол берілмейді.

Кошелерде, жолдарда, аулалық учаскелерден тыс шоп шошақтарын, шомелелерді, ірі жем-шоп маяларын орналастыруға жол берілмейді.»;

75-тармақ алып тасталсын;

83-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«83. Балалар мекемелерінің ғимараттарында мектепке дейінгі және бастауыш мектеп жасындағы балалардың топтары (сыныптары) үшінші қабаттан жоғары орналастырылмайды.»;

86-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«86. Оқу сыныптары мен кабинеттеріндегі парталар (үстелдер) саны жобалау құжаттамасында белгіленген саннан аспауы тиіс.»;

95-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«5) иллюминация электр энергетикасы саласындағы уәкілетті орган бекітетін Электр қондырғыларын орнату қағидаларының (бұдан әрі – Электр қондырғыларын орнату қағидалары) талаптарын сақтай отырып орындалады. Томендету трансформаторынсыз электрмен жарықтандыру желісін пайдаланғанда шыршада кернеуі 12 Вольтқа дейін кезектесіп жанатын шамдары бар гирляндар қолданылады. Шамдардың рұқсат етілген қуаты – 25 Ватт;»;

102-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«102. Сайлау учаскесі телефон байланысымен қамтамасыз етіледі. Өрбір телефон

аппаратының жанында ортке қарсы қызметті шақыру телефонының нөмірі бар такташа орнатылады (ілінеді).»;

2-бөлімнің 15-тарауының тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Биіктігі 28 метрден астам тұрғын үйді және қоғамдық ғимараттарды ұстау тәртібі»;

241, 242, 243, 244, 245, 246, 247, 248, 249, 250, 251, 252, 253-тармақтар алып тасталсын;

254-тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«254. Биіктігі 28 метрден астам ғимараттарда:»;

5) тармақша алып тасталсын;

6) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«6) автоматты орт хабарлағыштары мен суландыргыштарды бояуға, ақтауға;»;

7), 9), 10) тармақшалар алып тасталсын;

258, 283, 284-тармақтар алып тасталсын;

3-бөлімнің 2-тарауының орыс тіліндегі тақырыбына өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтіні өзгермейді;

344-тармақтың орыс тіліндегі тақырыбына өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтіні өзгермейді;

375-тармақтың орыс тіліндегі тақырыбына өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтіні өзгермейді;

465-тармақ алып тасталсын;

514-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«514. Теміржол тоғу-күю эстакадасында тез тұтанатын мұнай өнімдері үшін откел көпірлер жасырын бұрандамасы бар ағаш тіректермен немесе үшкынның шығуын болдырмайтын басқа да материалдармен жабдыкталады.»;

1256-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1256. Жарылыс және орт қауіпті үй-жайларда көмірсутектердің шогырлануын тұрақты бақылау үшін жарық және дыбыс дабылы бар газ талдағыштар орнатылады.»;

1281, 1390, 1392-тармақтар алып тасталсын;

1431-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) автоцистерналарға арналған жанармай құю алаңында көлемі кемінде 100 литр жылжымалы ұнтақты орт сәндіргіш орнатылады;»;

1443-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1443. Гимараттар мен құрылыстарды салу кезінде жұмыс істеу жобасында құрылыстың барлық кезеңіне орт қауіпсіздігі бойынша іс-шаралар көзделеді.»;

1463-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1463. Жобалық құжаттамада қарастырылған сыртқы орт сатылары, тіреушелер, түтік жалғау құбырлары мен салынып жатқан гимараттардың жабындарындағы қоршаулар қотергіш құрылымдарды монтаждағаннан кейін бірден, ал биіктігі 50 метрден астам гимараттарды салу кезінде – әрбір келесі қабаттың тұрғызылуына қарай орнатылады.

Жобалық құжаттамада көзделген түтік жалғау құбырларды монтаждау мүмкіндігі болмаған кезде әр қабатта орт қраны бар диаметрі 89 миллиметр уақытша түтік жалғау құбырлары орнатылады.

Гимараттың тұрғызылуына қарай 50 метр және одан жоғары биіктікте орналасқан қабаттан бастап және одан жоғары мотопомпалары бар көлемі кемінде 3 текше метр уақытша аралық сыйымдылықтар орнатылады. Мотопомпалары бар уақытша аралық сыйымдылықтардың арасындағы аралық жоғары орналасқан қабаттарға орт сәндіргіш заттарды беру кезінде қысымның жоғалуына байналысты есептеудің негізінде анықталады.»;

1603-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1603. Ауа жылыту қондырғылары салынып жатқан ғимараттан кемінде 5 метр қашықтықта орналастырылады.

Колемі 200 литрден аспайтын отын қуятын ыдыс қолданылады және ауа жылытқыштан кемінде 10 метр және салынып жатқан ғимараттан кемінде 15 метр қашықтықта орналастырылады. Отын ауа жылытқышқа металл құбыр арқылы беріледі.

Отын өткізгіштерде зауытта шығарылған, отынның ағуын болдырмайтын қосқыштар мен арматура қолданылады. Жұмсалатын бақтың отын өткізгішінде орт немесе авария болған жағдайда қондырғыға отын беруді тоқтату үшін ысырма вентиль орнатылады.

Салынып жатқан ғимаратта пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың талаптарын сақтаған жағдайда қатты отынмен жұмыс істейтін және кіріктірілген отын бағы бар тасымалданатын немесе жылжымалы ауа жылытқыш аспаптарды қолдануға жол беріледі.»;

Орт қауіпсіздігі қағидаларына 4-қосымшаның 5-бағанының тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Кобікті орт сөндіргіштер ОВП-10»;

Орт қауіпсіздігі қағидаларына 4-қосымшаның 9-бағанының тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Колемі 2x1,5м ортқа қарсы тосема»;

Орт қауіпсіздігі қағидаларына 7-қосымшаның 3-бағанының тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Орт сондіргіштер ОП-5»;

Орт қауіпсіздігі қағидаларына 7-қосымшаның 6-бағанының тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Колемі 2х2м ортқа қарсы тосемелер»;

Орт қауіпсіздігі қағидаларына 7-қосымшадағы кестенің сипаттамасының төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«\*\*\*\* Бірақ кемінде екі орт сондіргіш пен қымы бар бір жәшік. Қымы бар жәшікте колемі 1,5х1,5 метр ортқа қарсы тосеме болуы тиіс.»;

Орт қауіпсіздігі қағидаларына 7-қосымшадағы кесте ескертпесінің 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Осы Қағидаларда қозделген ортқа қарсы жабдыктан басқа қоймалардың, уақытша ғимараттардың құрылысы аумағында мынадай орт жабдығының (керек-жарағының) жинағы бар орт сондіру пункттері (шкафтар, қалқандар) орналастырылуы қажет, данада: балта – 2; сүймен және құрек – 2; темір бағор – 2; қызыл түске боялған шелек – 2; орт сондіргіш – 2.».

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.



**Қазақстан Республикасының**

**Премьер-Министрі**

**Б. Сағынтаев**